

**«Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ»
арнайы ұсынысын өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ережелер «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» арнайы ұсынысын (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды.
- 1.2. Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank») болып табылады.
- 1.3. Арнайы ұсыныс Банк эмитенттеген, Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайны бар банктік төлем карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыруға бағытталған.
- 1.4. Арнайы ұсыныс туралы толық ақпарат Банктің ресми сайтында орналастырылады: <https://bankffin.kz>

2. Терминдер мен анықтамалар

- 2.1. Арнайы ұсыныс – «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» атты ынталандыру іс-шарасы.
- 2.2. Арнайы ұсыныстың ұйымдастырушысы – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі — «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank»), төлем карталарын ресімдейтін және оларға қызмет көрсететін банк.
- 2.3. Park Live Almaty концерттік ұйымдастырушысы (бұдан әрі – «Серіктес»), жүлде қорын ұсынатын тарап.
- 2.4. Карта – Банк эмитенттеген банктік төлем картасы.
- 2.5. Қатысушы – Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарына сәйкес келетін жеке тұлға.
- 2.6. Транзакция – Банк клиенті – Freedom Bank-тің Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайны бар картасын пайдаланушы өз қаражаты есебінен жасаған, кез келген сауда-сервистік кәсіпорындарда Mastercard төлем жүйесінің Банк карталарымен тауарлар және/немесе қызметтер үшін төлеу, қолма-қол ақшасыз төлемдер, соның ішінде «Freedom SuperApp» мобильді қолданбасындағы, Интернет-банкингтегі сатып алулар (e-com транзакциялар) (4.3-тармақта көрсетілген операцияларды қоспағанда).
- 2.7. ХТЖ – осы Ереженің мәтін мәнінде Халықаралық төлем жүйесі.
- 2.8. Meet&Greet – концерттік іс-шара аясында Жеңімпаздың әртіспен/әртістермен ұйымдастырылған кездесуі.
- 2.9. Жеңімпаз – Арнайы ұсыныс ережелеріне сәйкес Жүлде иегері деп танылған Қатысушы.
- 2.10. Дублер – Жеңімпаз жүлдеден бас тартқан немесе Жеңімпаз осы Ережелердің шарттарына сәйкес келмеген жағдайда қосалқы жеңімпаз деп танылған Қатысушы. Негізгі жеңімпаздарды алмастыру үшін 4 (төрт) дублер анықталады.
- 2.11. Арнайы ұсынысты өткізу кезеңі – 2026 жылғы «15» маусымнан бастап 2026 жылғы «09» тамызды қоса алғанға дейін.
- 2.12. Жүлде: 3 (үш) Жеңімпаз үшін әртіспен/әртістермен Meet&Greet кездесуіне рұқсат.
- 2.13. Meet&Greet форматы Серіктеспен және/немесе әртістің/әртістердің өкілдерімен анықталады және оған сәлемдесу, бірге суретке түсу, қысқаша тілдесу және басқа да белсенділіктер кіруі мүмкін.
- 2.14. Meet&Greet өткізу жоспарланған уақыты мен орны:
 - Күні: 2026 жылғы 21, 22 және 23 тамыз
 - Өткізілетін орны: Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Өндірістік аймақ, 116, Первомай тоғандары.
- 2.15. Meet&Greet өткізу форматы, уақыты, ұзақтығы мен шарттары Серіктеспен, әртістің/әртістердің менеджментімен немесе әртістің/әртістердің өкілдерімен анықталады және алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- 2.16. Meet&Greet-ке қатысатын нақты әртісті Серіктес, әртістің/әртістердің менеджменті және басқа да уәкілетті тұлғалар анықтайды.
- 2.17. Ұйымдастырушы қандай да бір нақты әртіспен Meet&Greet өткізілуіне кепілдік бермейді. Meet&Greet-ке қатысатын әртістің/әртістердің құрамы Серіктестің, әртіс менеджментінің шешімі бойынша немесе Арнайы ұсыныс ұйымдастырушысына байланысты емес басқа да мән-жайлар бойынша өзгертілуі мүмкін.
- 2.18. Meet&Greet-ке қатысатын әртістің/әртістердің құрамының өзгеруі Жеңімпаз тарапынан шағым түсіруге немесе қандай да бір өтемақы талап етуге негіз болып табылмайды.
- 2.19. Жеңімпаз тікелей эфирді өткізу барысында өзі қай күнге жеңімпаз болып анықталса, тек сол концерт күнгі Meet&Greet-ке қатысу құқығына ие болады.
- 2.20. Meet&Greet-ке қатысу үшін Жеңімпаздың тиісті концерт күніне жарамды билеті болуы міндетті. Қатысу күнін ауыстыруға, Meet&Greet күнін алмастыруға, қосымша билет ұсынуға немесе өтемақы төлеуге ешқандай жағдайда жол берілмейді. Тиісті концерт күніне жарамды билеттің болуына тек Жеңімпаздың өзі ғана жауапты болады.

2.21. Жеңімпазда тиісті концерт күніне жарамды билет болмаған, билет қайтарылған, жойылған, үшінші тұлғаға қайта ресімделген немесе кез келген себептермен Жеңімпаздың белгіленген күні қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, Жұлдені алу құқығы жойылады және осы Ережелерде көзделген тәртіппен тиісті Дублерге берілуі мүмкін.

2.22. Meet&Greet-ке қатысу және концертке бару үшін қажетті жол жүру, тұру, тамақтану, құжаттарды рәсімдеу және басқа да шығындардың барлығын Жеңімпаз өз бетінше көтереді.

3. Арнайы ұсынысқа қатысушылар

3.1. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыса алады:

- жеке тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- қатысу сәтінде 18 жасқа толған тұлғалар;
- Freedom SuperApp мобильді қолданбасында 09.08.26 ж. қоса алғанға дейін «Park Live Almaty» концертіне кез келген санаттағы билеттерді сатып алған тұлғалар. Билет Meet&Greet өткізілетін күнге дейін қайтарылмауы, жойылмауы немесе үшінші тұлғаларға қайта ресімделмеуі тиіс.
- Freedom Bank-тің Mastercard картасының иегерлері болып табылатын, Freedom SuperApp мобильді қолданбасында аталған картаға 09.08.26 ж. қоса алғанға дейін Park Live Almaty Mastercard картасының цифрлық дизайнын орнатқан тұлғалар;
- 2026 жылғы 15 маусымнан бастап 2026 жылғы 09 тамызды қоса алғанға дейінгі кезеңде жалпы сомасы 10 000 (он мың) теңгеден кем емес ең кемі 10 (он) транзакция жасаған тұлғалар;
- Арнайы ұсыныс өткізілетін күні банктік шоттарында шектеулері (тыйым салу, операцияларды тоқтата тұру және т.б.) жоқ тұлғалар.

3.2. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыспайды:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;
- Арнайы ұсыныс өткізілу сәтінде 18 жасқа толмаған тұлғалар;
- Freedom SuperApp мобильді қолданбасында 09.08.2026 ж. қоса алғанға дейін «Park Live Almaty» концертіне кез келген санаттағы билеттерді сатып алмаған тұлғалар;
- Арнайы ұсыныс өткізілу кезеңінде басқа ХТЖ (Mastercard-тан басқа) карталарымен транзакциялар жасаған Банк клиенттері;
- Арнайы ұсыныс өткізілу кезеңінде Freedom SuperApp мобильді қолданбасында Park Live Almaty Mastercard картасының цифрлық дизайнын орнатпаған немесе орнатылған Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайнын белгіленген мерзімнен бұрын – 09.08.2026 ж. қоса алғанға дейін ауыстырып тастаған Банк клиенттері;
- 2026 жылғы 15 маусымнан бастап 2026 жылғы 09 тамызды қоса алғанға дейінгі кезеңде 10 (он)-нан кем транзакция жасаған және жалпы сомасы 10 000 (он мың) теңгеден аз болған клиенттер;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлері және олардың жақын туыстары, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Holding Corp. басшылығы;
- өздеріне ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптары қолданылатын тұлғалар;
- Мемлекеттік қызметкерлер;
- корпоративтік төлем карталарын ұстаушылар.

4. Арнайы ұсынысқа қатысу шарттары

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- Freedom SuperApp мобильді қолданбасында Park Live Almaty Mastercard картасының цифрлық дизайны болуы;
- 2026 жылғы 15 маусымнан бастап 2026 жылғы 09 тамызды қоса алғанға дейінгі кезеңде жалпы сомасы 10 000 (он мың) теңгеден кем емес ең кемі 10 (он) транзакция жасауы;
- Freedom SuperApp мобильді қолданбасында 09.08.26 ж. қоса алғанға дейін «Park Live Almaty» концертіне кез келген санаттағы билеттерді сатып алуы;
- осы Ережелермен Банктің сайтында танысу.

4.2. Транзакциялардың келесі түрлері есепке алынады:

- Freedom Bank-тің орнатылған Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайны бар төлем картасымен жасалған POS-терминалдардағы төлемдер, QR немесе контактісіз төлемдер (Apple/Google/Garmin/Samsung Pay);
- төменде көрсетілгендерді қоспағанда, Freedom Bank-тің орнатылған Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайны бар төлем картасымен жасалған интернет-төлемдер мен Freedom SuperApp қолданбасындағы сатып

алулар.

4.3. Арнайы ұсынысқа төмендегі транзакциялар қатыспайды:

- казиноларда, тотализаторларда және басқа ойын мекемелерінде;
- ставкалар мен бәс тігуді төлеу бойынша (соның ішінде ат жарыс және өзге жарыстарда);
- лотерея билеттері, облигациялар, жүлделер ұтыс ойындарына қатысу құқықтары немесе өзге көтермелеулер;
- сақтандыру компаниялары мен пай қорларының пайдасына («Freedom Finance Insurance» СК» АҚ қоспағанда) төлемдер;
- ломбардтардың пайдасына төлемдер;
- кейіннен ақшасы қайтарылған төлемдер;
- электрондық әмияндарды толықтыруға байланысты (әлеуметтік желілер сервисі, «Яндекс.Ақша», WebMoney, Platezh.ru және т. б.);
- қайырымдылық, саяси ұйымдарға, азаматтық қауымдастықтарға мүшелік және басқа жарналарды төлеу;
- жол чектерін, акцияларды және өзге бағалы қағаздар мен бағалы металдарды сатып алу бойынша;
- шетел валютасын сатып алу бойынша;
- интернет-ресурс арқылы телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу бойынша;
- шоттар арасындағы аударымдар, қолма-қол ақшаны алу және ұқсас операциялар.

4.4. Клиент бірнеше карта бойынша транзакциялар жасаған жағдайда, ол арнайы ұсынысқа қатысу үшін бір Клиент ретінде анықталады.

5. Жеңімпазды анықтау тәртібі:

5.1. Жеңімпаздарды анықтау үшін Ұйымдастырушы Арнайы ұсыныстың шарттарын орындаған Қатысушылардың тізімін жасайды.

5.2. Жеңімпаздарды анықтау кездейсоқ сандар генераторын пайдалана отырып, Банктің тікелей эфирінде жүзеге асырылады.

Арнайы ұсыныстың жеңімпазын анықтау бойынша тікелей эфир күні	Транзакцияларды жасау кезеңі	Жеңімпаздар саны
14.08.2026 ж.	15.06.2026 ж. – 09.08.2026 ж. қоса алғанда	3 (үш) жеңімпаз; 4 (төрт) дублер.

5.3. Арнайы ұсыныс қорытындысы бойынша Жеңімпазды анықтау үшін Банк осы құжаттың 3-бөлімінде көрсетілген және Арнайы ұсыныс шарттарына сәйкес келетін барлық Қатысушылардың тізімін жасайды.

5.4. Жеңімпаздарды анықтаудың ашықтығын бақылау үшін Ұйымдастырушы Банктің кемінде 3 (үш) өкілінен тұратын комиссия құрады. Комиссия мүшелерінің функцияларына мыналар кіреді:

- жеңімпазды анықтаудың әділдігі мен ашықтығын бақылау;
- жеңімпаздар мен дублерлердің (3 жеңімпаз және 4 дублер) тізімін растау.

5.5. Жеңімпаз комиссияның қатысуымен, әрбір қатысушыға берілетін бірегей идентификатор (реттік нөмір) бойынша кездейсоқ сандар генераторының көмегімен анықталады.

5.6. Жеңімпаздарды Банк 2026 жылғы «14» тамыздан кешіктірмейтін мерзімде кездейсоқ таңдау (рандомды анықтау) арқылы анықтайды. Тікелей эфир әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Банктің Интернет желісіндегі ресурстарында таратылуы мүмкін.

5.7. Тікелей эфир барысында төмендегілер ретімен анықталады:

- 2026 жылғы 21 тамызда өткізілетін Meet&Greet үшін 3 (үш) жеңімпаз және 4 (төрт) дублер;
- 2026 жылғы 22 тамызда өткізілетін Meet&Greet үшін 3 (үш) жеңімпаз және 4 (төрт) дублер;
- 2026 жылғы 23 тамызда өткізілетін Meet&Greet үшін 3 (үш) жеңімпаз және 4 (төрт) дублер.

Meet&Greet өткізілетін күн Жеңімпазды анықтау сәтінде оған бекітіледі және өзгертілуге жатпайды.

5.8. Жеңімпаздарды анықтаумен қатар, жеңімпаздар сияқты әдіспен 4 (төрт) дублер анықталады. Дублерлер тізімі жеңімпаздар бұдан былайғы қатысудан бас тартқан немесе Ұйымдастырушы жеңімпазға белгіленген мерзімде – Ұйымдастырушы алғаш байланысқан сәттен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде қоңырау шалып байланыса алмаған жағдайға арналып анықталады. Мұндай жағдайда Банк жеңімпазды 4 (төрт) дублер тізіміндегі дублермен алмастырады.

5.9. Жеңімпазды анықтау қорытындысы хаттамамен ресімделеді, оны Ұйымдастырушы жасайды және оған Банктің уәкілетті өкілі бұрыштама (қол) қояды.

5.10. Арнайы ұсыныстың қорытындысы Банктің ресурстарында (www.bankffin.kz және/немесе Банктің әлеуметтік желілерінде) жарияланады.

5.11. Жеңімпазды анықтау нәтижелері үзілді-кесілді болып табылады және ешқандай жағдайда қайта қарауға жатпайды.

6. Жүлдені алу тәртібі

6.1. Ұйымдастырушы Жеңімпазбен Банк жүйелерінде тіркелген телефон нөмірі бойынша байланысады.

6.2. Жүлдені алу үшін Жеңімпаз төмендегілерге міндетті:

- жеке куәлігін ұсынуға;
- Өтініш-келісімде (№1 қосымша) билет нөмірін көрсете отырып, өзі жеңімпаз деп анықталған Meet&Greet өткізілетін күнге жарамды билетінің бар екенін растауға.

6.3. Жеңімпаздың Арнайы ұсыныс шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, жүлде тікелей эфирде жеңімпазды анықтау барысында дәл сондай әдіспен таңдалған келесі резервтегі Қатысушыға – Дублерге ауысады.

6.4. Жеңімпаз Ұйымдастырушы тиісті Жеңімпаз үшін белгілеген күні мен уақытында: 2026 жылғы 21 немесе 22 немесе 23 тамызда Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі, Мұхаметжан Түймебаев ауылы, Өндірістік аймақ, 116, Первомай тоғандары мекенжайы бойынша концерт пен Meet&Greet өткізілетін орынға өз бетінше және өз қаражаты есебінен келуге міндетті.

6.5. Жеңімпаз белгіленген уақытта келмеген немесе Meet&Greet өткізілетін орынға кешіккен жағдайда, Жүлдені алу құқығы жойылады және өтемақы берілмейді.

6.6. Серіктес және/немесе әртістің/әртістердің қауіпсіздік қызметі мынадай жағдайларда Жеңімпазға Meet&Greet-ке кіруге рұқсат бермеуге құқылы:

- мінез-құлық ережелерін бұзғанда;
- алкогольдік немесе өзге де мас күйде болғанда;
- агрессивті мінез-құлық көрсеткенде;
- қауіпсіздік талаптарын бұзғанда;
- кіргізу процедураларынан өтуден бас тартқанда.

Серіктес Жеңімпазды кіргізуден бас тартқан жағдайда, өтемақы берілмейді және бұл жағдайда Meet&Greet күні ауыстырылмайды.

7. Басқа да ережелер

7.1. Meet&Greet Жеңімпаздардың әртіспен/әртістермен өзара іс-қимыл уақыты шектеулі іс-шара болып табылады.

7.2. Банк пен Серіктес мыналарға кепілдік бермейді:

- кездесудің ұзақтығына;
- жеке тілдесу мүмкіндігіне;
- автограф алу мүмкіндігіне;
- әртіспен/әртістермен жеке суретке түсуге;
- Жеңімпаздардың фото- және видеотүсірілім үшін жеке құрылғыларын пайдалануына.

7.3. Егер Арнайы ұсынысқа Қатысушы «Park Live Almaty» концертіне кез келген санаттағы бірден көп билет сатып алып, тікелей эфир қорытындысы бойынша Жүлде ұтып алса, онда әртіспен/әртістермен Meet&Greet кездесуіне рұқсат алу мүмкіндігі тек Park Live Almaty Mastercard цифрлық дизайны бар картаның иегерінде ғана болады.

7.4. Банк пен Серіктес өздеріне байланысты емес себептер бойынша әртістің/әртістердің, әртістің/әртістердің менеджментінің бастамасымен Meet&Greet кездесуінің өзгеруі, ауыстырылуы немесе күшінің жойылуы үшін жауапты болмайды.

7.5. Концерттік іс-шараның күші жойылған, ауыстырылған немесе әртістер құрамы өзгерген жағдайда, Ұйымдастырушы өтемақы төлемей Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

7.6. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялау арқылы осы Арнайы ұсыныс ережелеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

7.7. Арнайы ұсынысқа қатысу осы Ережелермен толық келісетіндігін білдіреді.

7.8. Банк еңсерілмейтін жағдай (форс-мажор) туындаған жағдайда кез келген уақытта осы Арнайы ұсыныстың күшін жоюға немесе оның шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқығын өзіне қалдырады.

7.9. Арнайы ұсынысқа қатыса отырып, Қатысушы Ұйымдастырушы мен Серіктеске өзінің дербес деректерін тек қана Арнайы ұсынысты өткізу мақсатында жинауға, өңдеуге және пайдалануға келісім береді.

7.10. Жүлдені ала отырып, Жеңімпаз фото- және видеотүсірілім жүргізуге, сондай-ақ тиісті материалдарды Банктің жарнамалық және ақпараттық мақсаттарда пайдалану мерзімі мен аумағын шектемей пайдалануына келісім береді.

7.11. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

«Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard
төлем карталарымен музыкаға жақынырақ»
арнайы ұсыныс өткізу ережесіне 1-қосымша

**«Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard
төлем карталарымен музыкаға жақынырақ», банктік құпияны,
дербес деректерді ашуға және ақпаратты БАҚ-та орналастыруға
арналған арнайы ұсынысқа қатысуға КЕЛІСІМ-ӨТІНІШ (нысан)**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____ мырзадан/ханымнан

Осы арқылы мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) клиенттеріне арналған арнайы ұсынысты өткізуіне байланысты осы келісім-өтінішке қол қою арқылы Банктің сайтындағы «Жаңалықтар» бөлімінде орналастырылған «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» арнайы ұсынысын өткізу қағидасына (бұдан әрі – Қағида) қосыламын, Қағиданың барлық талаптары мен шарттарын толық әрі сөзсіз қабылдаймын.

Сондай-ақ, мен Банкке «Фридом Банк Қазақстан» АҚ төлем карталары бойынша аталған арнайы ұсынысты ақпараттық және жарнамалық тұрғыда жариялау мақсатында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы менің Банктің клиенті екендігім, «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» арнайы ұсынысына қатысқандығым, 2026 жылғы 18 шілдеде Алматы қаласында өткізілетін Meet & Greet іс-шарасының жеңімпазы болып танылғандығым туралы мәліметтерді, сондай-ақ көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті көлемдегі өзге де дербес деректерімді таратуға сөзсіз және кері қайтарып алынбайтын келісімімді беремін. Осы арқылы мен, _____, Банк клиенттері арасындағы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) қолданыстағы Арнайы ұсынысына байланысты, Банктің «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша Арнайы ұсынысты ақпараттық және жарнамалық жариялау (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) мақсатында менің Банктің клиенті екенім, «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысына қатысқаным және Meet&Greet-те (___ .08.2026 ж. Алматы қ.), жеңімпаз болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ менің өзге дербес деректерімді таратуға өзімнің сөзсіз және қайтарымсыз келісімімді беремін.

«2026 жылғы ___ тамызда өтетін Park Live Almaty» концертіне билет нөмірі

(_____)
колы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ЖСН

« _____ » _____ 20__ ж.

«Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard
төлем карталарымен музыкаға жақынырақ»
арнайы ұсыныс өткізу ережесіне 2-қосымша

**Суретті жариялауға және пайдалануға
КЕЛІСІМ (үлгі)**

Алматы қ.

202__ ж. «__» _____

Мен, _____
(тегі, аты, акесінің аты)

ЖСН _____

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа, БСН 740 019 001, **маған сыйақыны төлеусіз**, өзімнің жеке бейнемді (соның ішінде әлеуметтік желілердің аватарларын), сондай-ақ «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысына қатысудың шеңберінде келесі мақсаттарда жасалған және/немесе жасалатын сауалнамалардың, сұхбаттардың және өзге материалдардың нәтижелерін жариялауға (соның ішінде жариялау, көпшілікке көрсету немесе Интернет желісіне орналастыруды қоса алғанда, кез келген басқа тәсілмен) және одан әрі пайдалануға келісімді білдіремін:

- «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысының барысы, нәтижелері және жаңалықтары туралы баяндау ақпарат беру,

- «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысының барысы және қатысу қорытындылары туралы бейнематериалдарды дайындау.

Мен осы келісімді «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысын өткізу аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл мерзімге бердім.

Мен өз Суреттерімді кез келген түрінде кейіннен пайдалануды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та қандай болса да қарсы міндеттемелердің, соның ішінде пайдалану туралы есептерді ұсыну бойынша міндеттемелердің немесе қандай болса да сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқпайтынымен келісемін.

Суреттер менің арыма және іскерлік беделіме нұқсан келтіретін тәсілдермен пайдаланылмауы тиіс.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

«__» _____ 20__ ж.

«Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard
төлем карталарымен музыкаға жақынырақ»
арнайы ұсыныс өткізу ережесіне 3-қосымша

Өтініш-бас тарту (үлгі)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____ ханымнан/мырзадан

ӨТІНІШ

Мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ
өткізген «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша «Freedom-ның Park Live Almaty Mastercard төлем
карталарымен музыкаға жақынырақ» Арнайы ұсынысының шеңберінде жеңімпаз бола тұра, осы құжатпен
әртiспен/әртiстермен Meet&Greet жүлдесiнен бас тартатынымды растаймын. Ұйымдастырушыға — «Фридом
Банк Қазақстан» АҚ-ға ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

« _____ » _____ 20__ ж.